

М.К. Алдабергенова

# ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ҚҰРАМЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ҚАЛАЛАРЫ



**Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті**

**Қазақстан тарихы және қоғамдық пәндер кафедрасы**

**М.К.Алдабергенова**

**ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ҚҰРАМЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН  
ҚАЛАЛАРЫ (тарихи деректер негізінде)**

**Шымкент, 2021 ж.**

ӨОК 94 (574)  
КЕЖ (ББК) 63.3 (2)

А40

Рецензенттер:

1. Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, «Қазақстан тарихы және қоғамдық пәндер» кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.к., доцент Г.М.Сыздықова
2. М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, т.ғ.д., профессор С.Н.Алибек
3. ІЛК WАU халықаралық университеті, т.ғ.д., Б.Р.Найманбаев

Алдабергенова М.К.

А40. Қазақ Хандығы құрамындағы Оңтүстік Қазақстан қалалары (тарихи деректер негізінде). Шымкент., 2021. – 141 бет.

ISBN 978-9965-19-417-7

Монографияда Қазақ Хандығының құрамында қалыптасып, орқендеп дамыған ортағасырлық қалалардың саяси, әлеуметтік-экономикалық жағдайы, бұрынғы және кейінгі жылдардағы Орта Азия мен Қазақстан археологиясының жетістіктері мен деректемелік ғылыми қорлары талданып, зерттелген. Қазақстанның оңтүстігіндегі қалалар – Батыс пен Шығыстың қиылысында, бай табиғат төсінде дамыған отырықшы жер шаруашылығы, қала мен көшпелі, жартылай көшпелі халықтың мәдениеттері түйісіп, өзара қарым-қатынастар барысында ерекше тарихи жолдармен дамыды.

Монография тарих мамалығында білім алушыларға, Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасы жайлы деректерге қызығушыларға арналған.

ӨОК 94 (574)

КБЖ (ББК) 63.3 (2)

ОҚМПУ Ғылыми Кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылды; хаттама  
№ 8, «24» «02» 2021 ж.

ISBN 978-9965-19-417-7

© Алдабергенова М.К.

2

## КІРІСПЕ

Жұмыста зерттелетін аудан өзінің құрамына қазіргі кездегі қалыптасқан Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда облысы (шығыс бөлігі), Жамбыл облысының жерлері қамтиды. Солтүстік-батыс бөлігі Сырдария өзенінің орта ағысының қос жағалауымен, оңтүстік-шығысында Талас Алағуының жоталарымен, шығысында Талас өзенімен, солтүстігінде Шу өзенімен шектеседі. Қазақстан Республикасында қала мәдениетінің алтын қорына жататын кейінгі ортағасырлық қала мұралары осында көптеп саналады.

Орта ғасырдағы қалалар қазақ елінің әлеуметтік-саяси, шаруашылық, этникалық және мәдени дамуының орталықтары болғаны белгілі [1]. Қарастырылып отырған аймақта ХІІІ ғ. екінші жартысыдан бастап, Моңғол империясының құрамына кіріп, онда Алтын Орданың құрылуы, Көк Орда, Өзбек хандығының сонда өмірге келуі, Ноғай Ордасының ыдырауы, ХІV-ХV ғасырларда қазақ халқының қалыптасу процесінің аяқталуы секілді күрделі тарихи оқиғалар болып өтті. ХV-ХVІІ ғғ. Қазақ хандығының дәстүрлі мәдени-экономикалық жүйесі қалыптасып, Қазақстанның оңтүстігіндегі дамыған кейінгі ортағасырлық қалалар үшін, Қазақ хандығы көршілес мемлекеттермен соғысып, сауда жолындағы маңызды зор саналған қалалар үшін таласқан.

Оңтүстік Қазақстандағы ортағасырлық қалалардың тарихи орнындағы археологиялық қазба деректер мен оларға қатысты жазба деректер – өткеннің халықтық зертесін қалпына келтіретін, қала өмірінің әлеуметтік-экономикалық қатынастарын жан-жақты сипаттайтын бірден-бір құнды дерек беретін тарихи құбылыс екендігі анық [1, 45 б.]. Қарастырылып отырған кезеңдерде әсіресе Сауран, Отырар, Түркістан, Сығанақ, Испиджаб қалаларының даңқы аңызға айналды, атағы көпшілікке танымал болды. Дегенмен, қалалардың тарихы мен мәдениеті, оның Қазақстан тарихындағы халықтар тағдырында алатын орны жайлы жазба деректер мардымсыз, археологиялық тұрғыдан жан-жақты зертленбеген, бізге тек қиранды төбелер күйінде жетіп отыр десе де боларлық.

Қалалар туралы кейбір кейінгі тарихи жазбаларда аталмағандықтан, моңғол шапқыншылығынан кейін, оларда тіршілік толастаған немесе басқыншылар қалаларды толықтай жермен-жексен етіп қиратқан деген пікір қалыптасты. Алайда, сол заманда тіршілік еткен қала жұртында жүргізілген археологиялық қазба барысында табылып отырған тың деректер, бұл пікірдің бұрыстығының айтағы деп қарастыруға болады.

Ұлаи Жібек жолы бойында орналасып, мәдениеттерді байланыстырушы қызмет атқарған қалалардың тарихы, мәдениеті, әлеуметтік-экономикалық жағдайы ақпандақ күйінде қалып, қолда бар деректердегі мәліметтер шапшаңдық, бір жүйеге келтірілмегендігі «кейінгі орта ғасыр» деп қарастырылатын – «ХV-ХVІІІ ғасырлар» археологиясын – археологияның бір саласы ретінде, тек 1981 ж. Алматы қаласында өткен жалпы олақтық мәжілісте, Орта Азия мен Қазақстанның қалалық мәдениеті мәселелері

3

қаруды барысында, «Кейінгі Орта ғасыр» – археологияның бір саласы ретінде ресми танылуының кешегідей қоңа алынуы да себеп болған.

Кейінгі жылдары, Қазақстан Республикасы мемлекеттік денгейдегі «Мәдени мұра» бағдарламасын қабылдап, оның аясындағы кезек кутірмейтін мәселе ретінде, ортағасырлық қалалардың археологиясын зерттеу екендігі айрықша аталып көрсетілді. Өйткені, көнеңің кезіне айналған жәдігерлеріміз жылдан-жылға тозып, барлық тарихты өз бойына айнақалған қалпы, жабулы қазан күнінде жер қойнауында жатыр. Ал қазақ жинақталған қалпы, жабулы қазан күнінде жер қойнауында жатыр. Ал қазақ халқының қалыптасуы процесі жүрген, кейінгі ортағасырлық тарихымыздың қаншама беттері ашылмаған, белгісіз күнінде қалып қояды.

## 1 ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ҚҰРАМЫНДАҒЫ ОНТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН

### ҚАЛАЛАРЫ

#### 1.1 Оңтүстік Қазақстанның тарихи-мәдени ескерткіштерінің зерттеу тарихы

Оңтүстік Қазақстанның археологиялық ескерткіштері ежелден-ақ зусқойлардың, елжентанушылардың және ізденуші-зерттеушілердің назарын өзіне аударған Сырдария мен Қаратұздан бастау алатын негізгі су көздері Арыс, Келес, Бөген, Шаян, Арыстанды, Балдам, Қарашық бойында – ежелгі қалалардың құландылары мен архитектуралық ескерткіштері көптеп сақталған. Зерттеу объектісіне айналған аймақтың зерттеу тарихы мен оны кезеңдерге бөліп қарастыруда, осы ұлан ғайыр аумақтың қалаларының зерттеуде өз үлестерін қосқан белгілі ғалымдар өз тәжірибелеріне сүйеніп, зерттеуді Кеңес дәуірінде жүргізген белгілі ғалымдар – Е.И.Амеєва мен Г.И.Павлович зерттеулерді шартты түрде «ХVІІІ ғасырдан – кеңестік кезеңге дейінгі және кеңестік кезеңдегі зерттеулер» [2] - деп, екіге бөледі.

Археолог К.М.Байпақов, Оңтүстік Қазақстанның ортағасырлық қалалары зерттелуіне: ХVІ ғасырдан бастап - 1870 ж. дейін және 1870-1917 жж. аралығындағы зерттеулер деп қарастырып, ал Кеңес өкіметі орнағаннан кейінгі уақытта төртке бөліп қарастыру қажет деген пікірді айтады: 1) 1917-1935 жж; 2) 1936-1945 жж аралығында; 3) 1946-1959 жж; 4) 1960 ж. басталған зерттеулер [3]. Ғалым М.Елєєєов Қаратұздың солтүстік беткейіндегі қалаларды Шу, Талас өзендері бойындағы қалалармен біртұтас аймақ ретінде қарастырып, ауданның зерттеуін төртке бөліп қарастырады, олар: 1856-1935 жж. аралығында; 1936-1945 жж. және 1946 ж. бастап 1960 ж. дейін жалғасалды, соңғы кезең 1960 жылдан қазірге дейін ұласады [4]. Б.Ә.Байтанаєв Исламжаб тарихи мәдени ауданының үлгісінде, аймақтың зерттелуін ХVІ ғасырдан бастап – 1917 ж. дейінгі аралықты үш кезеңге бөледі де, ал кеңестік кезеңді академик К.М.Байпақовтың пікірін қолдап, шартты түрде төртке бөледі [5].

Зерттеушілер тұжырымдарын саралап, аймақтың зерттеу дәрежесін диссертация тақырыбына сәйкестендіріп, үш кезеңге бөліп қарастырсақ бірінші кезең – мәліметтерді жинақтау және ескерткіштерге алғашқы жүргізілген зерттеулер – ХVІІІ ғасырдың басында басталып, Қазан революциясына дейін жалғасқан (сипаттама беру, суретке түсіру, орналасқан орны жайлы мәліметтер беру) [1, 17 б.]. Осы кезеңдегі жинақталған деректер негізінен саяхатшылардың, сапар шеккен шенеуліктердің, зерттеуші-натуралистердің күнделіктерінде сақталған.

Қазақстанның оңтүстігіндегі археологиялық ескерткіштер жайлы С.Ремєєєовтың 1701 ж. жарық көрген «Сібірдің сызба кітабы» атты кітабында және оған қосымша ретінде 1737 ж. жарық көрген атласа алғашқы деректер берілді [6]. ХVІІІ ғасырдың 20-жылдары Каспий теңізі, Орта Азия мен Кавказдың археологиялық ескерткіштеріне байланысты толық мәліметті

МАЗМҮНІ

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ГАИМК	-	Государственная академия истории материальной культуры
ЖАЭ	-	Жетісу археология экспедициясы
ЖОО	-	Жоғарғы оқу орны
ЗВОИРАО	-	Записки Восточного отделения императорского русского археологического общества Казахстана Республикасының Ұлттық ғылым академиясы
ҚР ҰҒА	-	Отырар археологиялық экспедициясы
ОАЭ	-	Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы
ОҚАЭ	-	Оңтүстік Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясы
ОҚСАЭ	-	Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейі
ОМАҚМ	-	Сығанақ археологиялық экспедициясы
САЭ	-	Среднеазиатский комитет по делам музеев и охраны памятников старины, искусства и природы
Средазкомстарис	-	Түркістан археологиялық экспедициясы
ТАЭ	-	Түркістанский комитет по делам музеев, охраны памятников старины, искусства и природы
Туркомстарис	-	Тақырыптық-экспозициялық жоспар
ТЭЖ	-	Протоколы Туркестанского кружка любителей археологии
ІТКІА	-	Мөлдір Аллабергенова
М.А.	-	бет
б.	-	страница
с.	-	sayfa
s	-	page
p	-	

КІРІСПЕ.....	3
<b>1 ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ҚҰРАМЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ҚАЛАЛАРЫ.....</b>	<b>6</b>
1.1 Оңтүстік Қазақстанның тарихи-мәдени ескерткіштерінің зерттелу тарихы.....	6
1.2 Ортағасырлық қалалар жайлы жазбаша деректемелер.....	12
1.3 Көшпелілер қоғамында қалалық өркеніеттің орнығуы.....	13
1.4 Оңтүстік Қазақстан қалаларының қалыптасуы және олардың Қазақ хандығы қалыптасуындағы ролі.....	18
1.5 Сырдария бойындағы қалалар.....	25
1.6 Қаратаудың солтүстік беткейіндегі және Сайрам аймағындағы қалалар.....	62
<b>2 КЕЙІНГІ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ҚАЛАЛАРДЫҢ ӨЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ ЖАЙЛЫ ДЕРЕКТЕР.....</b>	<b>71</b>
2.1 Қалаларда дәстүрлі колөнер түрлерінің дамуы.....	71
2.2 Керамика өндірісі және керамикалық бұйымдар технологиясы.....	76
2.3 Кейінгі ортағасырлық қалалардағы тұрғын жайлардың ерекшеліктері.....	90
2.4 Қалалардағы демографиялық мәселелер, тұрғындардың әлеуметтік жіктелуі және этникалық құрамына қатысты деректер мен тұжырымдар.....	97
2.5 Егіншілік және ирригацияның дамуы.....	103
2.6 Жергілікті және сыртқы сауда, сауда-ақша қатынастары.....	109
<b>ҚОРЫТЫНДЫ.....</b>	<b>116</b>
<b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....</b>	<b>125</b>
<b>БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....</b>	<b>136</b>

М.К.Алдабергенова

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ҚҰРАМЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН  
ҚАЛАЛАРЫ (тарихи деректер негізінде)

Монография

Баспаға қол қойылды: хаттама № 8, «24» «02» 2021 ж.

Қағаз форматы ХҮ 1/16  
Типографиялық қағаз. Офсеттік баспа. Көлемі 8,8 б.т.  
Тираж .....дана. Тапсырыс № .....\*

© Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті  
© Алдабергенова М.К.  
ОҚМПУ РББ, Шымкент қ.,

\* Мәліметтерді РББ толтырады.